



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2) Определены основные факторы здорового образа жизни, влияющие на качество жизни, связанного со здоровьем. Установлено, что качество жизни по глобальным шкалам (общее здоровье, психологическое здоровье, поведение) в значительной степени зависит от факторов образа жизни – длительности ночного сна, режима питания, физической активности, пребывания на свежем воздухе. Выявлено, что длительное время, проводимое за компьютером и за просмотром телепередач, приводит к снижению качества жизни по шкалам общего поведения, общего здоровья и жизнеспособности.

3) Получены данные о возрастных и гендерных различиях динамики качества жизни; с возрастом, к 14-17 годам у детей происходит снижение показателей качества жизни. У девочек ряд параметров качества жизни, связанного со здоровьем снижается раньше, чем у мальчиков.

4) Показатели качества жизни у подростков классов с дополнительной программой обучения не зависят от профиля обучения и сопоставимы со средневозрастными значениями и параметрами качества жизни подростков общеобразовательных классов.

Список использованных источников:

1. Wiki.iteach.ru
2. Psycabi.net
3. <http://bono-esse.ru/blizzard/RPP/M/ORGZDRAV/Orgproga/p1.html>

УДК 159.923

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖҮЙЕСІ

Маясарова Алтынжан Темірбайқызы

altynzhan-94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Әлеуметтік жұмыс мамандығының 4- курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Г. Сүлейменова

Қазақстан Республикасының дамуының өтпелі кезеңін төмендегі әлеуметтік мәселелерден байқауымызға болады. Олардың қатарында кедейшілік пен жоқшылықтың пайда болуын, жұмыссыздықтың өсуін, дезадаптациялық мінез-құлық формаларының көптеп таралуын жатқызуымызға болады. Сонымен қатар, дағдарыс жағдайындағы елдегі әлеуметтік-экономикалық жүйенің дамуындағы кері әсер етуші «бәсеңдеткіштерді», олар халықтың әлеуметтік жағдайын төмендетуде. Олардың қатарында – әдрестік әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыру механизмдері, көмекке мұқтаж адамдар тобын құру және оларға арналған халықты әлеуметтік қорғау жүйесі саясаттының негіздемесі және іске асыру мазмұны бар. Әлеуметтік төлемдер көлемі қаржылық тұрғыда қатаң бақылауға алынуы тиіс. Себебі, жәрдемақыны өзін-өзі қаржыландыруға мүмкіндігі жоқ немесе белгілі себептерге байланысты толық немесе жекелей түрде қамсыздандырылмаған азаматтарға беріледі.

Елдегі әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, табиғи-климаттық, қаржылық және басқа да шарттарды ескере отырып елдің жекелей аймақтарында әдрестік әлеуметтік көмек көрсету жүйесіне түрлі көзқарастар қалыптасқан. Атаулы әлеуметтік көмек – көмек көрсетуді қажет ететін азаматтардың белгілі бір категориясына жәрдемақы, материалдық көмек, өтемақы және басқа да төлемдер ретінде көрсетіледі.

Әлеуметтік көмекті алушыларға атаулы қағидаты негізінде көмек көрсету үшін «мұқтаж адам» және «жәрдемақыны алуға құқығы бар адам» деген ұғымның нақты түсінігін анықтау қажет және бұларға жатпайтындарды шығарып тастау қажет. Басқалардан нақты мұқтаж адамдарды дұрыс анықтау әкімшілік шығындарды қажет етеді.

«Атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заң атаулы көмек алудың талаптарын жеңілдетті, жаңа біркелкі заңдық құжаттарды қолдануға жағдай жасады, табысты кедейшілік шегіне

дейін ұлғайту үшін берілетін әр азаматқа біркелкі ақпараттық база құрылды. Бір жағынан, 2001 жылы желтоқсанға дейін беріліп келген қиын жүйе унификацияланды, әр жәрдемақы бойынша мұқтаж азаматтарды қолдаудың жүйесі бақыланды. Басқа жағынан, атаулы көмекті көрсетуде көптеген қиындықтар сақталып қалды, оларды жоюдың нақты шараларын қарастыру қажет. [3]

Атаулы әлеуметтік көмекті нығайтуға бағытталған негізгі факторлар: әлеуметтік фактор, ақпараттық фактор, әдістемелік фактор, макроэкономикалық фактор, қаржылық фактор және институционалдық фактор. Бұл факторлар негізінен, нақты көмек беру бағдарламасының тиімділігін жоғарылатып, салық төлеушілердің бағдарламаға арналған шығындарын төмендетіп, әлеуметтік көмектің ынталандыру функциясын күшейтіп, атап айтқанда мұқтаж халық тобын өзіне-өзі көмек беруге бейімдейді.

Әдістемелік фактор: атаулы әлеуметтік көмектің субъектісі ретінде жеке тұлғаны емес, отбасы емес, үй шарушылығын бекітуге қажет.

Ақпараттық фактор: облыстық салық комитеттері мен әлеуметтік бағдарламалар мен жұмысты қамтуды үйлестіру басқармаларының ақпараттық базасын құру қажет.

Әлеуметтік фактор: атаулы көмектің әлеуметтік факторы ретінде халықтың мемлекет тарапынан патерналистік көмекке бейімделуі және бұл көмек көбінесе пассивтік түрде берілетіндігін айту қажет.

Макроэкономикалық фактор: Қазақстанда формалды сектордың көлемі өте үлкен, шағын кәсіпорынның көптеген жұмысшылары ресми түрде тіркелмеген жалақы алады, олардың нақты көлемін толық есепке алу мүмкін емес.

Ата Заңның және басқа заңдар мен актілердің негізінде қандай да бір себептермен көмекті қажет ететін кез-келген азамат оған көмек берілуіне құқылы болып табылады. Басты мақсат сол көмекті мейлінше мол пайдамен және бағытты жұмсау болып табылады.

Әлеуметтік көмекті жергілікті орындаушы органдар ҚР Бюджеттік Кодексіне, ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына және жергілікті өкілеттік және орындаушы органдардың құқықтық-нормативтік актілеріне сәйкес жергілікті бюджеттің қаражатынан береді.

Әлеуметтік саясаттың дәстүрлі түсінігі бойынша ол халықтың аз қамтылған тобына көрсетілетін қолдау, ең алдымен материалдық түсінік ретінде қарастырылады. Әлеуметтік саясат кең ауқымды болуы тиіс, оның негізгі мақсаты «әлеуметтік ауруларды емдеу» ғана емес, сонымен қатар, олардың алдын алу және ескерту болып табылады. Әлеуметтік саясаттың негізгі мәні – барлық басқа саясаттардың шоғырланған түрі және ең алдымен – экономикалық.

Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік саясаттың теориясы және тәжірибесінің методологиялық мәселелерін авторлар жиі қарастырады. Профессор В.И.Жуков «әлеуметтік саясаттың мәні – тіршілік әрекеті әртүрлі топтағы халықтың қоғамдағы әр деңгейдегі басқаруға әсер етеін құқықтық реттегіші болып табылады». [1, 5-12 б]

Басқа қырынан қараған уақытта, әлеуметтік саясат елдің экономикалық дамуы тиімділігінің индикаторы ретінде де болады. Яғни, егер қоғам дамуындағы әлеуметтік индикаторлардың төмендеуі байқалса, онда ол экономикада тиімсіз (негативті) процесстердің болуына әсер етеді. Бірақ, әлеуметтік саясат экономикаға белсенді әсер ете алады.

Қоғамның әлеуметтік ілгерушіліктегі (дамудағы) қозғалысы әлеуметтік реформаның жүзеге асырылуын, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан өтуді қамтамасыз етілуін, халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылатуды қарастырады. Әлеуметтік реформаның басым бағыты халықты әлеуметтік қорғау жүйесін тұтастай қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік қорғаудың ғылыми және практикалық зерттеудегі түсінігі осылай анықталады.

В.Н. Иванов «әлеуметтік қорғауды кең түрде – бұл Конституциядағы және елдегі барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бейнелейтін заңдардағы мемлекеттік іске асырулардың кепілдігі» деген.

А.С.Сорвина өзінің жұмыстарында «әлеуметтік қорғаудың қазіргі жүйесін экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, медициналық, халықтың тіршілік әрекетін жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық әрекеттердің жүйесі» деп анықтама берген.

Әлеуметтік қорғау мемлекеттік жүйесіне билік органдары, азаматтарға мемлекеттік қолдау көрсету мекемелері, ұйымдары жатады. Әлеуметтік қорғау қоғам мен адамдардың қызығушылықтары негізінде өмірлік қиын жағдайды шешудегі келісушілік процесі.

Әлеуметтік бағыт өкілдерінің бірі, профессор В.Н.Ковалев, әлеуметтік қорғауды жалпы қорғау шараларының жүйесі, билік органдары мен қоғам арасындағы, экономикалық, әлеуметтік және физикалық деградациядан (тозудан) кейінгі өмір сүру сапасы төмендеу кезінде халықтың барлық топтары мен қабаттарына әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нақты әрекеттер жиынтығы деп тұжырымдайды. [2, 8 б]

Ғалымдар тобының пікірін автор бөліп қарастырады ол әлеуметтік қорғауды қоғамның барлық салалары бойынша, яғни экономикалық, саяси және әлеуметтік қажеттіліктер мен тұлғалық қорғауды мемлекеттік және басқа органдардағы құқықтары мен кепілдіктерінің жүзеге асу процесі ретінде қарастырады. Дегенмен, тұрғындардың сол немесе басқа топтарына жүйелік өңдендіру бірдей емес. Еңбекке қабілетті және дені сау тұрғындарға әлеуметтік қорғау мүмкіндіктердің және тең құқықтарының болуын кепілдендіреді. Еңбекке қабілетсіз және тұрғындардың әлсіз санаттарына – тікелей әлеуметтік қолдау.

Көрсетілген зерттеуде автор еңбекке қабілетсіз және тұрғындардың әлжуаз санаттары мен топтарына көрсетілетін көмекті, яғни адрестік әлеуметтік қолдауды қарастырады.

Атаулы әлеуметтік қолдау белгілі бір индивидтің (жеке адамның) өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын оның дербес қажеттіліктерін ескеріп, берілетін көмектің ұйымдастырылған түрі. Атаулы әлеуметтік қолдауды енгізу әлеуметтік әлжуаз индивидтердің толық жіктелуін білдіреді, түрлі негіздер бойынша жасалған; осы индивидтердің санаққа алатын, олардың сипаттамалары мен қажеттіліктері, сонымен қатар оларға әртүрлі бағдарламалар мен біржолғы акциялар бойынша көрсетілген барлық көмек туралы ақпаратты сақтайтын автоматтандырылған банкті жасау.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек - жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, босқын статусына ие адамдардың, шетелдіктердің, Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар және тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар. Кедейлік шегі мөлшері тоқсан сайын белгіленеді. [4]

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды:

– Мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, магистратураны қоса алғанда, күндізгі оқыту нысанында оқитын оқушылар мен студенттерді, тыңдаушылар мен курсанттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға;

– Ұсынылған жұмыстан немесе жұмысқа орналастырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, қоғамдық жұмыстарға қатысуды, оқуын немесе қайта оқуын өз бетімен тоқтатқан жұмыссыздар алты айға атаулы әлеуметтік көмек алу құқығынан айырылады.

Атаулы әлеуметтік көмек жұмыссызға оның жұмысқа, соның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналасқан, кәсіптік дайындауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жолданған күнінен бастап қалпына келтіріледі.

Осыған орай халықты әлеуметтік қорғауды Қазақстанның бүгіні мен болашағының басты мүмкіндіктерін ескере отырып жаңа тұжырымдама жасалды. Бұл тұжырымдама көлемінде азаматтарға көрсетілетін әлеуметтік қызметінде білім және медициналық көмек көрсету қарастырылмаған, олар басқа бағдарламалық құжаттарда белгіленген. Әлеуметтік қорғаудың басты реттеуші мен қаржы көзі мемлекет болып табылады. Азаматтардың кейбір топтарына заңға сәйкес әлеуметтік көмек мемлекет қаржысынан беріледі.

Қолданылған әдебиет

1. Методы и технологии мониторинга социальной сферы региона. Под ред.

В.Н. Ковалева, - М., 1998, 5 б.

2. Социология социальной сферы. Г.И. Осадчая, - М., 1999, 83-84 б.

3. Атаулы көмек: оның бүгіні мен болашағы // Егемен Қазақстан. 2002 жылғы 10 қазан

4. Қазақстан Республикасының Заңы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы».
//Егемен Қазақстан, 2001 жылғы 10 тамыз

УДК 331.538:[364.26-053.6]

НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МҮГЕДЕК ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУ ЖҮЙЕСІ

Маутқанова Райхан Маутқанқызы

m.raihan_93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Әлеуметтік жұмыс
мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Д. Исахова

Қазіргі таңда еліміздегі ресми деректерге сүйенетін болсақ, 506,4 мың мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады екен. Бұл жалпы тұрғындардың 3%-ын құрап отыр. Соның үштен бір бөлігі еңбекке жарамды азаматтар мен азаматшалар болса, 17,5%-ы балалар. Ал 20 мыңнан астамы – жанарынан, 19 мыңға жуығы – есту қабілетенен айырылған мүмкіндігі шектеулі жандар болып табылады. Мүгедек жастардың ең бір өзекті әрі шешімін таппай тұрған мәселелердің бірі – ол жұмыспен қамтылу жайы. Өйткені соңғы жылдарда мүгедектердің жәрдемақысы тек қана 9 %-ға ғана өскен болатын. Еңбекке қабілетті бірақ, мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмыс беруші қарамағынан жұмыс тауып бермесе, онда айыппұл салынуы тиіс. Сонымен қатар шешімін күтіп тұрған тағы бір мәселе, ол мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде пандустың жоқтығы.

Мүгедек жастарды еңбекпен қамтамасыз ету үшін, жергілікті атқарушы органдар (әкімшілік) жұмыс орындарының санына байланысты үш пайыздық көлемде квота бөледі; жеке кәсіпкерлік пен шағын және орта, үлкен көлемді бизнесті дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын бөледі, сонымен қатар Қазақстан республикасының Заңнамасына сәйкес мүгедектерді жұмыспен қамту үшін жұмыс орындарын анықтап, мүгедектерге кәсіби білім беру қарастырылып отыр.

Еңбек қарым - қатынасы тұрғысынан мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтары заңмен негізделген. Еңбек келісім- шартынан бас тарту, басқа қызметке ауысу мүгедектердің өздерінің келсімінсіз жүзеге аспайды, керісінше жағдайда, егер мүгедектің сырқаттануына байланысты еңбекке жарамсыздық танытатын болса, жұмыстан босатылады [1].

Мүгедек жастардың арасындағы ең бір өзекті әрі шешімін күтіп тұрған мәселелердің бірі – ол еңбекпен қамтылу мәселесі. Өйткені соңғы жылдарда мүгедектердің жәрдемақысы 9 %-ға ғана өскен. Қазіргі нарықтық экономикада және бүкіл әлемдік дағдарыс және инфляция деңгейінің шамадан тыс жылдам өсуі мүгедектердің жеткілікті дәрежеде өз қажеттіліктерін қамтамасыз етуге кедергі келтіріп отыр.

Қазіргі күнде қоғамның санасында мүгедек адамдар еңбек ете алмайды және етпейді, ол жақындарының немесе мемлекеттің қамқорлығында өмір сүреді деген көзқарас әлі бар, солай қалыптасқан. Бірақ, мүгедектердің арасында да тәуелсіз болып, жұмыс істеп өз жеке кәсібін ашқысы келетіндер де бар. Мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, ол адамдар жұмыс іздегенде көп қиындықтарға кездеседі, осыған байланысты олар мемлекеттің қолдауына өте мұқтаж [2].

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» бағдарламалық мақаласында «бүгінде еңбек – ХХІ ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында, – алдыңғы кезекке ілгерілетілуі тиіс» - деп атап көрсеткен болатын.